

**«6D021200» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Туяқбаев Омир Оразовичтің
«Хадикат әл-арифин» – ортағасырлық түркі-мұсылмандық социумның дереккозі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
ресми рецензенттің**

СЫН-ШІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларга сәйкестігі:	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларга сәйкестігі:	<p>Диссертация жұмысының тақырыбы Қазакстан Республикасының 2003 жылғы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасына, «Мәңгілік ел» жалпыұлттың идеясына, Қазакстан Республикасының білім мен ғылымды дамытуға бағытталған «ҚР білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына, «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, колданбалы пәнаралық зерттеулер; әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді.</p> <p>Еліміздің саяси-әлеуметтік даму үдерісінде тарихи, әдеби, тілдік және мәдени құндылықтарымызды тереңірек зерттеу аса маңызды. ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың Түркістан қаласында өткен II Ұлттық құрылтайында «Біз сан ғасырлық тарихымызды мақтан етеміз. Тамыры терең төл шешіреміз – халқымыздың мәдени кодының өзегі. Оны жан-жақты зерттеп, ой елегінен өткізуге және барынша дәріптеуге қажетті жағдай жасауымыз керек. Бұл – мемлекеттің негізгі міндеттінің бірі» деген болатын. Осы тұргыдан алғанда диссертациялық жұмыс еліміздің гуманитарлық даму бағытын нақтылаған мемлекеттік бағдарламалармен толық сәйкес.</p>
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен каржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атаву мен номірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атавы) 3) Диссертация Қазакстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын	<p>Диссертациялық жұмыс «Ғылым туралы» 2011 жылғы 18 актандығы Қазақстан Республикасы Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 16 мамырдағы № 519 каулысымен бекітілген Ұлттық ғылыми кеңестер туралы қағидаларына, «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, колданбалы пәнаралық зерттеулер; әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес орындалған.</p>

		(корсету)	
2.	Ғылымға маныздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін косады/көспайды, ал оның маңыздылығы ашылған ашылмаган.	<p>Диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлес косары анық. Ортағасырларда жазылған діни дидактикалық шығармаларды түркі жазба ескерткіштері катарында карастирып, оларды деректану, түркітану, дінттану түргысынан зерттеу, дәстүр мен дін арасындағы тарихи-деректік байланысты анықтауга септігін тигізеді.</p> <p>Еліміздегі ғылымның каркынды дамуына байланысты жаңа ұғымдар, терминдер де көптөп туындал жатыр. Ол ұғымдар мен терминдердің тілімізге жатык қылыш аудару немесе ғылыми түргыда негіздей отырып шетелдік айтылым бойынша ғылыми айналымға енгізу аса кажет. Автор өз зерттеуінде бұл екі принципке де баса назар аударған. Сол себепті де сопылық діни-дидактикалық еңбектерде көп колданатын терминдердің балаамасын қазіргі тілімізде түсіндіре білген.</p> <p>Диссертациялық жұмыс ортагасырлық түркі тарихын, тілін (шагатай жазба жәдігерлері негізінде), діни сенімін, жазба мұрасын зерттеген ғылыми жұмыстар катарын арттыруға үлес косады.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жогары; 2) орташа; 3) тәмен; 4) өзі жазбаган 	<p>Диссертациялық жұмыстың жазылу деңгейі жогары. Автордың көне колжазбаларды оқи алуы, араб тілі мен ортагасырлық түркі тілін білуі, сопылық терминдердің мағынасын терен түсінуі ғылыми жұмыстың құндылығын арттыра түсken. Автордың өзіндік баяндау стилі қалыптаскан. Зерттеу бір колдан шыккан, біртұтас жұмыс екені байкалады.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негізделемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындауды; 2) жартылай айқындауды; 3) айқындаамайды <p>4.3. Максаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді 	<p>Қазак тарихы мен мәдени құндылықтарына үлес косатын жәдігерлерді зерттеу, оларды салыстырмалы түрде сараптау ете өзекті. Ортағасырлық діни-дидактикалық шығармаларды кешенді түрде тілтанымдық, мәтінтанулық, деректанулық түргыда карастиру, этнографиялық және теологиялық түргыдан талдау арқылы ғылыми жұмыстың өзектілігі негізделген.</p> <p>Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толық ашады. Диссертацияның құрылымы мен мазмұндық үйлесімі сәйкес. Тұжырымдар мен алынған иәтижелер нақты ғылыми дәлелдермен дәйектелген. Олар диссертация тақырыбын айқындаі түседі. Жұмыс диссертацияға койылатын талаптарға толық жауап береді.</p> <p>Зерттеу жұмысының максаттары мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес. Автор жұмысты жазу барысында «Хадикат аларифиннің» ортагасырлық түркі-мұсылмандық социумның дереккозі ретінде ел тарихына, мәдениетіне катастыры тарихи-деректік манызын, рухани-мәдени құндылығын корсетуді максат тұтады. Максатка жету</p>

		<p>үшін төменде койылған міндеттерге кол жеткізеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> - зерттеу нысанының жазылуына себеп болуы мүмкін ортағасылардағы тарихи оқигаларды, алеуметтік феноменді, қоғамдық өмірді, мәдени құбылыстарды аныктайды; - автор мен бас кейіпкерлердің шыгарма мәтіні мен дерек беттеріндегі персоналиясын, қоғамдық-сағы өмірдегі белсенділігін, діни-ағартушылық идеяларын және олар жайлы айтылған анызың-әпсаналардың тарихи шындығын карастырады; - шыгармада баяндап ілімдердің, құндылықтардың және философиялық ой-пікірлердің легитимделу принциптерін және түркімұсылмандық социума белгілі бір мәнге ие болған ілімдер мен ұстанымдардың полемикасын, дискуссиялық мәселелерін аныктайды; - трактаттың әр ғасырларда, әртүрлі мәдени өнірлерде қошшірліген колжазба нұскалары арасындағы тілдік өзгерістерді, идеологиялық, танымдық айырмашылыктарды анықтау үшін мәтін атрибуциясын жасайды және т.б. <p>Сол себептен де жұмыстың максаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келіп, сабактасып тұр.</p>	
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ 	<p>Диссертация «Хадикат әл-арифин» колжазбаларының сипаттамасы және құрылымдық-тақырыптық жүйесі», «Хадикат әл-арифин» жаذا ескерткішінің деректанымдық манызы» және «Ортағасырлық түркімұсылмандық социум дамуындағы «Хадикат әл-арифиндеңі» діни-философиялық идеялар манызы» деген негізгі үш бөлімнен тұрады. Эр бөлім іштей үш тараушадан құрылған. Бөлімдер мен тараушалар бір-бірімен өзектес әрі сабактас, ішкі бірлігі сакталған әрі логикалық тұрғыдан толық байланысқан.</p>	
	<p>4.5 Автор ұсынған жана шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сини талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген 	<p>Автор ұсынған жана шешімдер дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырыла талданған. Автор өзіне дейінгі мамандар тарапынан айтылған пікірлерге сини көзбен карап, өз тарапынан да жана тұжырымдар, ғылыми пайымдар ұсынады. Шығыс тілдерін жетік білуі арқасында араб, парсы тілдерінде жазылған ғылыми енбектердегі мәліметтерді ғылыми айналымға енгізеді. Халық арасында тараган фольклорлық мұраларды көлтіреді. Жинакталған материалдар арқылы жанаша ой-тұжырымдар жасайды.</p>	
5.	<p>Ғылыми жаңашылдық принципі</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жана болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жана; 2) жартылай жана (25-75% жана болып 	<p>Зерттеу жұмысының тақырыбы тың әрі ғылыми ізденистің нәтижесінде соны тұжырымдарға кол жеткізген. Диссертация барысында Түркістан өніріндегі тарихи оқигаларға көткесті казак, орыс деректерінен бөлек, отандық ғылымға белгісіз араб, парсы, кытай</p>

	<p><u>табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>деректерін де теренірек қарастырылған. Ислам дінінің келуімен бірге тараган сопылық ағымның алғышарттарын (тарихын), сопылыкты таратушылардың силсалаларын (шежірелін), теологиялық тұжырымдарды көптеп көлтіреді. Автор «Хадикат әл-арифин» колжазбасын тарих, тілтаным, дінтану, философия, түркология салалары негізінде кешенді түрде қарастырып, толыққанды жаңаша қағидаттар мен гылими нәтижелер көрсетеді.</p>
	<p>5.2 Диссертацияның корытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Зерттеу жұмысының тақырыбы түркология саласында әлі толық зерттелмегендіктен жаңашылдық деңгейі ете жоғары. Ұлттық тарих, дәстүрлі дін, рухани мұра, әдеби жәдігер тұрғысынан жасалған талдаулар жаңа нәтижелерге кол жеткізген. Автор зерттеу барысында айқындалған негізгі тұжырымдарда:</p> <ul style="list-style-type: none"> — «Хадикат әл-арифин» өз кезеңіндегі түркі-мұсылмандық социум жағдайы мәтінделген шығарманың жарын үлгісі деп есептейді; — Исағил Атаниң әмір сүрген уакыты Орта Азияда Исламның кайта күшайған кезеңіне сай келетінін айқындейді (XIII–XIV ғғ.); — Шығармада баяндалған оқиғалардың, мифтік хикаялардың, діни полемикалық мәселелердің баяндалу райына қарай қогамдық әмірдің көріністеріне, тарихи оқиға іздері мен саяси-когамдық факторларына үнілу кезінде «Хадикат әл-арифин» трактаты апологетикалық максатта жазылған деп пайыздайды; — «Хадикат әл-арифин» агиографиялық-дидактикалық шығармасы Орталық Азияның ерте исламданған, ислам өркениеті дамыған олкеде түркілік мәдениет шенберінде дүниеге келген жазба мұра деп тану әбден мүмкіндігін айтады; — Шағатай кезеңіндегі ортагасырлық түркі-әдеби тіліндегі бұл жазба ескерткішті түркі халықтарының ортак мирасы деп деп есептейді. <p>Жоғарыдағы тұжырымдарды ескере отырып, диссертацияның корытындылары толығымен жаңа деп есептеуге болады.</p>
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссиденттың зерттеу жұмысында ұсынылған барлық шешімдері жаңа әрі олар тақырып бойынша жүргізілген зерттеу нәтижелеріне толық негізделген.</p>

6.	Негізгі корытындылардың негізділігі	Барлық корытындыларғының түрінен ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негіздемегендегі (qualitative research және инерттану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертанттың жұмысының әр бөлімінде нақты корытындылар жасап отырган. Жұмыс сонында солардың негізінде жалпы корытынды жасаған. Тарихи, әдеби, философиялық, діни шығармалардың бір-бірімен салыстыра зерттеу әдісін кеңірек колданып, ғылыми түрінен ауқымды дәлелдемелерге негізделген.
7.	Корғауға шыгарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұраптарға жауап беру кажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді меге?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жок <p>7.3 Жана ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жок <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тар; 2) орташа; 3) кең <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жок 	<p>1-қағидат. Монгол шалқыншылығынан кейін (1221–1224 жж.) Орта Азия халықтарының қарым-катастырында, олардың этносасы және шаруашылық, мәдени дамуында бірқатар өзгерістер орын алды. Өнірде орнықкан жана когамдық жағдайға, саяси-әлеуметтік өмірге, тарихи оқиғаларға, түркі-монгол зандарына (Иасы, Жосын), дастүрлерине карай өнірдегі жергілікті діни ағымдардың бейімделу процесі басталды. Бұл бейімдеулер сопылық мектептердің жана философиялық ой-пікірлерінің калыптасуына, діни ілімдерінің адаптациялануына, когамда белгілі мәртебеге не болу үшін ілімдері мен ұстанымдарын нығайтуға тырыскан діни-идеологиялық күрестерге жол ашты.</p> <p>7.1. Корғауға ұсынылған қағидат толық дәлелденген.</p> <p>7.2. Тривиалды емес.</p> <p>7.3. Жана.</p> <p>7.4. Қолдану деңгейі кең.</p> <p>7.5. Зерттеу жұмысында алынған нәтижелер Скопуста, КР ЕЖБМ Ғылым саласындағы сапаны қадағалау комитеті бекіткен тізімгеенетін журналдарда жарияланған.</p> <p>2-қағидат. «Хадикат ал-ариғин» – XIII–XIV ғғ. иасауи сопылық мектебінің дәстүрлерін ислам шаригатына лайықтығын дәлелдеуге тырыскан қадамдарын, ортағасырларда түркі-монгол дәстүрлері мен діни құндылықтар кактығысын суреттейтін, полемикалық резонанс алған мәселелерді ашықтайтын апологетикалық шығарма. Онда автор өмір сүрген кезеңде (XIII–XIV ғғ.) мұсылман әлемінің бай және әртекті мистикалық мұрасын қайта түсіндіру (<i>reinterpretation</i>), сопылық әдебиеттердің тасаууға карсы схоластикалық идеялардан «тазару» және түркілік сопылық ғылымның калыптасу процесін жүргені көрінеді.</p> <p>7.1. Корғауға ұсынылған қағидат толық дәлелденген.</p> <p>7.2. Тривиалды емес.</p> <p>7.3. Жана.</p> <p>7.4. Қолдану деңгейі кең.</p> <p>7.5. Зерттеу жұмысында алынған нәтижелер Скопуста, КР ЕЖБМ Ғылым саласындағы сапаны қадағалау комитеті бекіткен тізімгеенетін</p>

журналдарда жарияланған.

3-қағидат. Шыгарманың түрлі тарихи кезеңдерде (XV–XIX ғғ.), әртүрлі өнірлерде (Хорасан, Фергана, Түркістан) қошірілген колжазбалары арасында мәтіндік айырмашылық түркілік және парсылық тіл бірліктері мен стилистикасы негізінде байкалғанымен, идеологиялық, мазмұндық тұтастығы өзгерістерге ұшырамаган, бастапқы мәтінінен көп алшактамаған, ондағы мәліметтерді ортағасырлық түркі-мұсылмандық социумдағы мәдени құбылыстарын анықтауға, зерттеуге мүмкіндік беретін құнды дерек деп бағалауға болады.

7.1. Қорғауға ұсынылған қағидат толық дәлелденген.

7.2. Тривиалды емес.

7.3. Жаңа.

7.4. Қолдану деңгейі кен.

7.5. Зерттеу жұмысында алынған нәтижелер Скопуста, КР ЕЖБМ Ғылым саласындағы сапаны қадағалау комитеті бекіткен тізімгеенетін журналдарда жарияланған.

4-қағидат. Иасауи сопылық мектебінің аполоget, теоретик шыгармашыл өкілдері ауызекі тіл және жазба тілі арасында түзілген өзіндік стилі, сюжеттік мотивтері бар, белгілі бір тұракты дастүрге құрылған өзіндік жанры бар *par excellence* түркілік шыгармалар тудыра білді және халық арасында кен таратады.

7.1. Қорғауға ұсынылған қағидат толық дәлелденген.

7.2. Тривиалды емес.

7.3. Жаңа.

7.4. Қолдану деңгейі кен.

7.5. Зерттеу жұмысында алынған нәтижелер Скопуста, КР ЕЖБМ Ғылым саласындағы сапаны қадағалау комитеті бекіткен тізімгеенетін журналдарда жарияланған.

5-қағидат. «Хадикат әл-арифин» – сопылық ілімдерді түркі дүниетанымы мен ислам ғылымы негізінде баяндауға ең колайлы ортағасырлық түркі әдеби тілінің табигатын ашатын мұра.

7.1. Қорғауға ұсынылған қағидат толық дәлелденген.

7.2. Тривиалды емес.

7.3. Жаңа.

7.4. Қолдану деңгейі кен.

7.5. Зерттеу жұмысында алынған нәтижелер Скопуста, КР ЕЖБМ Ғылым

			саласындағы сапаны қадағалау комитеті бекіткен тізімгеснетін журнallарда жарияланған.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің тандауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жок	Иә. Диссертацияда гуманитарлық білімнің бірнеше салаларында шыгарманы зерттеуде жиі колданылатын мәтінтануға үлкен маңыз беріледі (42-43-бб.). Диссертацияның максат-міндеттеріне сәйкес синхрондық түргыдан салыстырмалы, тарихи-салыстырмалы талдау тәсілдерін пайдаланылады (45-47-бб.).
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды колдану арқылы ғылыми зерттеулердің көзірігі заманғы әдістері мен деректердің ондеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жок	Иә. Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды колдану арқылы ғылыми зерттеулердің көзірігі заманғы әдістері мен деректердің ондеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған (123-124-бб; 177-181 бб.).
		8.3 Теориялық корытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және занылдықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жок	Иә. Диссертациялық зерттеу жұмысында теориялық корытындылар, тұжырымдар және ұсыныстар нақты материалдарға, ғалымдардың пікіріне сүйене отырып дәлелденген және расталған (68-70 бб; 126-б.).
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Диссертацияда көрсетілген маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми енбектермен куатталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Жалпы 282 әдебиетті колданған. Әдебиеттер тізімінде отандық енбектермен катар, орыс, ағылшын, неміс, түрік, араб, парсы, өзбек тіліндегі ғылыми енбектерді колданған.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жок	Иә. Диссертациялық зерттеу жұмысының теориялық маңызы жоғары. Зерттеу нәтижелері түркітану, шығыстану, тарих, дінттану, тіл тарихы салаларындағы мәтінмен жұмыс бойынша үлкен септігін тигізеді.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада колдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия;	Иә. Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада колдану мүмкіндігі жоғары. Диссертациялық жұмыс ортағасырлық сопылық шыгарманың тілін (шагатай жазба жәдігерлері негізінде), тарихын, жанрын, түркі тілдеріндегі нұскаларын

		2) жок	зерттеген ғылыми жұмыстар катарын арттыруға үлес косады. Алынған ғылыми тұжырымдарды еліміздегі ЖОО қабыргалында түркология, дінтану, тарих саласы бойынша оқытылатын пәндерде колдануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жана болып табылады? 1) толығымен жана; 2) жартылай жана (25-75% жана болып табылады); 3) жана емес (25% кем жана болып табылады)	Практикалық ұсыныстар толығымен жана болып табылады. Себебі, Исхак Кожа ибн Исағил Атанин «Хадикат әл-әрифин» атты сопылық дидактикалық шығармасы – ортағасырлық түркі жазба мұрасы және түркі-мұсылмандық социумның манызды дереккөзі ретінде отандық ғылымда ешқашан зерттелмеген.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Автордың ғылыми жазу стилі калыптасқан және диссертацияның жазу сапасы жоғары.

Докторант Тұяқбаев Омир Оразовичке «6D021200» мамандығы бойынша «Хадикат әл-әрифин» – ортағасырлық түркі-мұсылмандық социумның дереккөзі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы үшін философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп санаймын.

Ресми рецензент:

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Шығыстану кафедрасының профессоры м.а.,
филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Акжігіт Әлібекұлы

